

Миссионерлік қызметпен айналысатын шетел азаматтарының есепті тіркелуі туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2004 жылғы 26 наурыздағы N 82 қаулысы. Маңғыстау облыстық Әділет Департаментінде 2004 жылғы 6 мамырда N 1686 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 26 маусымдағы № 144 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылы 28 қаңтардағы N 136 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 17 шілдедегі N 702 қаулысына сәйкес және миссионерлік қызметпен айналысатын шетел азаматтарын тіркеуді қамтамасыз ету мақсатында, сонымен қатар, кадрлық өзгерістерге байланысты, облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңестің төрағасы Ішкі саясат департаментімен (А.К. Рзаханов) бірлесе отырып облыс аумағында миссионерлік қызметпен айналысатын шетел азаматтарының тіркелуін қамтамасыз етсін.

2. Миссионерлік қызметпен айналысатын шетел азаматтарын есепті тіркеу жөніндегі куәлік қағазы бекітілсін (Қосымша).

3. Маңғыстау облысы әкімдігінің Миссионерлік қызметпен айналысатын шетел азаматтарының есепті тіркелуі туралы 2003 жылғы 30 қазандағы N 243 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.А.Макежановқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2004 жылғы 26 наурыздағы
N 82 қаулысына қосымша

Маңғыстау облысы әкімі жанындағы
діни бірлестіктермен байланыстар
жөніндегі Кеңесі

Маңғыстау облысында миссионерлік қызметті жүзеге асыратын шетел азаматын есепке алуды тіркеу туралы Куәлік N _____

(діни сенімі, қай діни бірлестікке жатады)

(рұқсаттың күші жүретін аумақ)

Осы рұқсаттың _____ дейін күші бар
(күші жүретін мерзім)

Ескерту: Осы рұқсаттың күші жүретін мерзімі аяқталысымен миссионер оның мерзімін заң арқылы белгіленген тәртіппен ұзартуға міндетті облыс аумағынан кетуі тиіс, олай болмаған жағдайда ол заң арқылы белгіленген тәртіп бойынша облыс аумағынан шығарылып жіберіледі.

Облыс әкімінің орынбасары,
Діни бірлестіктермен байланыстар
жөніндегі Кеңес төрағасы _____

Т.А.Ә.

«" _____ "» _____ 200 ____ ж.

(берілген уақыты)

_____ қаласы